

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ғылым мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 27 ақпандағы N 143 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ғылым мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
К. Мәсімов

Премьер-Министрі

жоба

Қазақстан Республикасының Заңы

Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ғылым мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

1-бап. Қазақстан Республикасының мына заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. 1994 жылғы 27 желтоқсанда Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі қабылдаған Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне (Жалпы бөлім) (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1994 ж., № 23-24 (қосымша); 1995 ж., № 15-16, 109-құжат; № 20, 121-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., № 2, 187-құжат; № 14, 274-құжат; № 19, 370-құжат; 1997 ж., № 1-2, 8-құжат; № 5, 55-құжат; № 12, 183, 184-құжат; № 13-14, 195, 205-құжат; 1998 ж., № 2-3, 23-құжат; № 5-6; 50-құжат; № 11-12, 178-құжат; № 17-18, 224, 225-құжат; № 23, 429-құжат; 1999 ж., № 20, 727, 731-құжат; № 23, 916-құжат; 2000 ж., № 18, 336-құжат; № 22, 408-құжат; 2001 ж., № 1, 7-құжат; № 8, 52-құжат; № 17-18, 240-құжат; № 24, 338-құжат; 2002 ж., № 2, 17-құжат; № 10, 102-құжат; 2003 ж., № 1-2, 3-құжат; № 11, 56, 57, 66-құжат; № 15, 139-құжат; № 19-20, 146-құжат; 2004 ж., № 6, 42-құжат; № 10, 56-құжат; № 16, 91-құжат; № 23, 142-құжат; 2005 ж., № 10, 31-құжат; № 14, 58-құжат; № 23, 104-құжат; 2006 ж., № 1, 4-құжат; № 3, 22-құжат; № 4, 24-құжат; № 8, 45-құжат; № 10, 52-құжат; № 11, 55-құжат; № 13, 85-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 3, 20, 21-құжат; № 4, 28-құжат; № 16, 131-құжат; № 18, 143-құжат; № 20, 153-құжат; 2008 ж., № 12, 52-құжат; № 13-14, 58-құжат; № 21, 97-құжат; № 23, 114, 115-құжат; 2009 ж., № 2-3, 7, 16, 18-құжат; № 8, 44-құжат; № 17, 81-құжат; № 19, 88-құжат; № 24, 125-құжат; 134-құжат; 2010 жылғы 2 ақпанда «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда»

газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеуді және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеуді оңтайлату мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2010 жылғы 20 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңы):

40-баптың 2-тармағы «, егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе» деген сөздермен толықтырылсын.

2. 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2008 ж., № 21, 93-құжат; 2009 ж., № 23, 112-құжат; № 24, 129-құжат):

96-баптың 5-тармағының екінші бөлігінің 4) тармақшасындағы «келесі қаржы жылы» деген сөздер «келесі (кейінгі) қаржы жылы (қаржы жылдары)» деген сөздермен ауыстырылсын.

3. 2008 жылғы 10 желтоқсандағы «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлем туралы» (Салық кодексі) (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2008 ж., № 22-I, 22-II, 112-құжат; 2009 ж., № 2-3, 16, 18-құжат; № 13-14, 63-құжат; № 15-16, 74-құжат; № 17, 82-құжат; № 18, 84-құжат; № 23, 100-құжат; № 24, 134-құжат; 2010 жылғы 6 ақпанда «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне балық шаруашылығы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2010 жылғы 21 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңы):

135-баптың 2-тармағының 3) тармақшасындағы «ғылым» деген сөздің алдынан «ғылым саласындағы уәкілетті органдар аккредиттелген ғылыми, ғылыми-техникалық қызмет субъектілері жүзеге асыратын» деген сөздермен толықтырылсын.

4. «Мемлекеттік кәсіпорын туралы» 1995 жылғы 19 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңында (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., № 9-10, 66-құжат; № 24, 164-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., № 12, 183-құжат; № 13-14, 205-құжат; 1998 ж., № 23, 429-құжат; 1999 ж., № 22, 789-құжат; № 23, 916-құжат; 2001 ж., № 10, 126-құжат; 2002 ж., № 10, 102-құжат; 2003 ж., № 11, 71-құжат; 2004 ж., № 11-12, 65-құжат; 2006 ж., № 12, 71-құжат; № 15, 95-құжат; 2007 ж., № 4, 33-құжат; № 9, 67-құжат; № 18, 143-құжат; № 19, 148-құжат; 2008 ж., № 24, 126-құжат; 2009 ж., № 15-16, 76-құжат; № 18, 86-құжат; № 23, 112-құжат):

10-бап мынадай мазмұндағы 4-1-тармақпен толықтырылсын:

«4-1. Шаруашылық жүргізу құқығындағы кәсіпорындар ғылыми, ғылыми-техникалық қызметтің нәтижелерін коммерцияландыруды жүзеге асыратын ұйымның жарғылық капиталына үлесі ретінде уәкілетті органның келісімінсіз ғылыми, ғылыми-техникалық қызметтің нәтижесіне зияткерлік меншік құқығын ғана енгізе алды.»

5. «Қазақстан Республикасындағы тұрғын үй құрылысы жинақ ақшасы туралы»

2000 жылғы 7 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңында (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2000 ж., № 21, 382-құжат; 2003 ж., № 15, 139-құжат; 2005 ж., № 7-8, 22-құжат; 2007 ж., № 14, 102-құжат):

8 - б а п т ы ң 6 - т а р м а ғ ы н д а :

4) тармақшадағы «берілуі мүмкін» деген сөздер алып тасталып, мынадай мазмұндағы 5) тармақшамен толықтырылсын:

«5) ғылыми ұйымдардың, дауыс беретін акцияларының (үлестерінің) елу және одан да көп пайызы мемлекетке тиесілі жоғары оқу орындарының, сондай-ақ дауыс беретін акцияларының (үлестерінің) елу және одан да көп пайызы мемлекетке тиесілі заңды тұлғаларға дауыс беретін акцияларының (үлестерінің) елу және одан да көп пайызы тікелей немесе жанама тиесілі жоғары оқу орындарының қызметкерлеріне берілуі м ү м к і н » ;

екінші бөліктегі «4» деген цифр «5» деген цифрмен ауыстырылсын.

6. «Мемлекеттік сатып алу туралы» 2007 жылғы 21 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2007 ж., № 17, 135-құжат, 2008 ж., № 13-14, 58-құжат; № 20, 87-құжат; № 21, 97-құжат; № 24, 128-құжат; 2009 ж., № 2-3, 21-құжат; № 9-10, 47, 49-құжат; № 15-16, 74-құжат; № 17, 78, 82-құжат; № 24, 129-құжат, 133-құжат):

4 - б а п т ы ң 1 - т а р м а ғ ы н д а :

58) тармақшасында «сатып алу.» деген сөздер «сатып алу;» деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

мынадай мазмұндағы 59) тармақшамен толықтырылсын:

«59) мемлекеттік бюджет есебінен грант, бағдарламалық нысаналы қаржыландыру қаражатынан жүзеге асырылатын ғылыми зерттеулерді жүргізу жөніндегі қызметтерді, ж ұ м ы с т а р д ы с а т ы п а л у . » ;

29-баптың 1-тармағының 2) тармақшасында «ғылыми» деген сөз алып тасталсын;

41-баптың 3-тармағының 4) тармақшасы алып тасталсын.

2-бап. Осы Заң алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті